



Алматы қаласы білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 1/51 қаулысы. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 ақпанда № 1127 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 1/16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 09.01.2026 № 1/16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 3 тармағы 24-2) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласы білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасы бекітілсін.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары
3. Аманжоловаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

Алматы қаласы білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы қаласы білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгі қағидасы (бұдан әрі - Үлгі қағида) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "

Білім туралы" Заңының ббабының 3 тармағы 24-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің қағидасын әзірлеу және бекіту үшін негіз болып табылады.

2. Үлгі қағида білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің ережесін әзірлеу және бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Білім беру ұйымдарының қызмет режимін ескере отырып (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақытта ғана болуы, оқу сабақтарының ауысымдылығы және білім беру ұйымының өзге де жұмыс ерекшелігіне қарай) білім беру ұйымының әкімшілігі педагог және өзге де қызметкерлердің жұмыс және демалыс уақытының режимін белгілейді.

4. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының қызметкерлерінің, сонымен қатар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесімен жүктелген міндеттерді сақтауын қамтамасыз етеді.

2. Білім беру ұйымының ішкі тәртібі

5. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережесінде:

білім беру ұйымының әкімшілігі және педагогтерінің білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;

оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар жасау;

ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

білім беру ұйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, олардың арасындағы үзілістер;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.

6. Білім беру ұйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру ұйымының ішкі тәртібіне қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.